



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



## **СУЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ**

«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛелЕРІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯ

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

## **СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ**

## **МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ  
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ»



УДК 378 (094)  
ББК 74.58  
Қ 22

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; / Председатель Правления – Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, доктор географических наук, член Академии Педагогических Наук Казахстана;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / проректор по исследованиям, инновациям и цифровизации Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор;

**Хуснутдинова Ляйля Гельсовна**, тарих ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу политехникалық университеті» Федералды мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесінің доценті, Ресей / кандидат исторических наук, доцент Федерального государственного автономного образовательного учреждения высшего образования «Московский политехнический университет», Россия;

**Сухов Михаил Васильевич**, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ООМУ) доценті, Челябині, Ресей/кандидат технических наук, доцент Южно-Уральского государственного университета (ЮУрГУ), г. Челябинск, Россия;

**Радченко Татьяна Александровна**, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі / магистр естественных наук, заведующая кафедрой «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Алимбаев Алибек Алпысбаевич**, PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а. / доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Телегина Оксана Станиславовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы / старший преподаватель кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Шумейко Татьяна Степановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының м.а. / кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

Қ 22

«Қазіргі білім беруді дамытудың өзекті мәселелері»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2023» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2023 жылдың 15 наурызы. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 427 б.

«Актуальные вопросы развития современного образования»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2023», 15 марта 2023 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 427 с.

ISBN 978-601-356-257-5

«Сұлтанғазин оқулары-2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының «Заманауи білім беруді дамытудың өзекті мәселелері» жинағында жаратылыстану-ғылыми білім берудің мәселелері мен болашағына арналған ғылыми мақалалар жинақталған, жалпы және кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған, педагогикалық білім берудің ақпараттандыру және дамытудың қазіргі тенденциялары мен технологиялары мәселелері қозғалады.

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В сборнике Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения-2023» «Актуальные вопросы развития современного образования»: представлены научные статьи по проблемам и перспективам естественно-научного образования, рассматриваются психолого-педагогические аспекты общего и профессионального образования, затронуты вопросы информатизации и современных тенденций и технологий развития педагогического образования.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-257-5



9|786013|562575|

УДК 378 (094)  
ББК 74.58

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Қайталау мен жаттығуға негізделген білім адамның тек есте сақтау дәрежесінде болса, құрастырылған сындарлы білім үйренушіден түсіну, қолдану, анализ жасау, синтез жасау, бағалау сияқты белсенді әрекеттерді талап етеді.

Өйткені, қазіргі таңда мұғалімдер алдына төмендегідей рефлексиялық қабілеті дамыған тұлға тәрбиелеу мақсаты қойлып отыр:

- өзіне -өзі есеп беріп, ойлары мен әрекеттерін талдай білетін;
- өзін-өзі бағалай алатын;
- өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін жүзеге асырып, өркендей білетін;
- өз өмірі мен іс-әрекеттерін ешкімге жүгінбей жоспарлай алатын, жауапкершілігі жоғары.
- шығармашыл және сын тұрғысынан ойлау қабілеті дамыған;
- өзгенің мәдениеті мен көзқарасына құрметпен қарайтын;
- ғылыми -зерттеу және проблема шешу дағдылары қалыптасқан.

Аталған құзыреттіліктерді игеру оқушының орта білім беретін мектеп жағдайында нәтижелі әлеуметтендірілуіне игі ықпал етеді.

Жаңартылған білім беру жүйесіне енгізілген бейіналды және бейіндік дайындық оқушының өз қабілеті мен өмірлік құқығына сәйкес өзін-өзі кәсіби анықтауында, болашақ кәсіби қызметін саналы да жауапты таңдауына едәуір тиімді дайындыққа қол жеткізуде олардың әлеуметтендірілу мүмкіндігін кеңейтеді.

#### **Әдебиеттер тізімі :**

1. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын 2021 жылғы 01 қыркүйек.
2. Құдайбергенова К.А. Құзырлылық-тұлға дамуының сапалық критерий// Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2018.30-32 б.б.
3. Қазақстан Республикасының 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы
4. Әлімов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер.-Астана, 2014, 31-33 б.б.
5. Әлімов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер.-Астана, 2014, 12-15 б.б.

**ӘОЖ 37.013:008**

### **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

*Спаналиева Гүлнур Турсимбетовна, аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан, E-mail: spanalievagulnur@mail.ru*

*Кенесбаева Б.М., «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1-курс студенті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан*

#### **Аңдатпа**

Өзектілігі және мақсаты Көркем шығармашылық қабілеті дамыған ұрпақтың болуы – бүгінгі қоғам талабы. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ адам болмайды деп дәлелдейді. Мақалада білім алушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамытудың жолдары көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** көркем шығармашылық, жеке тұлға, қабілет

#### **Аннотация**

Актуальность и цель. Наличие поколения с развитым художественным творчеством – требование современного общества. Наука педагогика доказывает, что нет человека, который ни к чему не склонен. В статье показаны пути развития художественного творчества учащихся.

**Ключевые слова:** творческие способности, личность, способность

#### **Abstract**

Relevance Goal The presence of a generation with developed artistic creativity is a requirement of modern society. The science of pedagogy proves that there is no person who is not inclined towards anything. The article shows the ways of development of artistic creativity of students

**Keywords:** creativity, personality, ability

Оқу процесінде жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын қолдану мен оны озық тәжірибемен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының маңызды міндеттерінің бірі. Ұзақ жылдар бойы жалпы білім беретін мектептің негізгі мақсаты-

оқушыларға білім, іскерлік, дағдыны қалыптастыру деп қарастырылып келді. Ал қазіргі мектеп алдында жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашыл ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптасыту мақсаты тұр. Осыған байланысты қазіргі кездегі білім берудің көкейтесті міндеті оқушылардың көркем шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің міндеттері: Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктерінегізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту»-деп мемлекеттік саясаттың басты принципі ретінде жеке адамның шығармашылығын, дарындылығын дамыту мәселелері айқындалып, басымды міндеттер қатарына қойылды [1,45 б.].

Осы орайда бастауыш сынып білім алушыларына дайын білімді меңгертумен шектелмей, мәселелерді бақылап, талдау жасауға, өз ойын ашық айта білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне, шығармашылық тұрғыда жұмыс жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті келіп шығады.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні «шығару», «ойлап табу» дегенге саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық- қайталанбайтын, тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет» деп түсіндіріледі [2,65 б.].

Көрнекті психолог Л.Выготский «шығармашылық» деп жаңадан ашатын әрекетті атаған. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтардың бірі Я.Пономарев оны «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені, әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалды тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Бұл пікір бүгінгі педагогиканың талаптарына сәйкес келетіндіктен көңілге қонымды.

Бастауыш сынып оқушыларының көркем шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мәселесін қарастыруда «дарын», «ғұлама» терминдерін анықтап алуды жөн көрдік. Көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде «дарындылық» деп белгілі бір салада (өнер, музыка, би, ақындық және т.б.) жоғары жетістікке жеткізген қабілетті атайды. Ал ол дарындылық тұқым қуалау арқылы берілуі өмірде көп кездесетін жағдай болғанымен, ол бірден бір фактор бола алмайтындығын дәлелдейді. «Дарындылық» ұғымына берілген анықтамалар оған өз қатарындағы адамдардан (балалардың) жоғары ақыл-ой қызметімен ерекшелетін адам қасиетін жатқызады. Жаңашыл педагог И.П.Волков: «... егер баланың жеке қасиеттерін өте жас кезінен анықтап, дамытуға жағдай жасаса, дарындылықты қалыптастыру кез-келген маман дайындау сияқты қатардағы шара», - деп түсіндіреді [3,21 б.].

Зерттеле келе шығармашылыққа берілетін анықтамалар да өзгере бастады. Соңғы жылдары «шығармашылық» сөзімен, сөзімен, «жаңалықпен» қатар «бастамашылық, белсенділік» ұғымдары астарласа қолданылып жүр.

Көркем шығармашылық -баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту. Бір нәрсені ойлап табуға, жасауға деген қабілеті бар оқушыларды жетілдіру. Олардың бойындағы қабілеттерін дамытып, сол қабілеттің сөнуіне жол бермеу. Адамның өз болмысын тануға ұмтылуға көмектесіп, оның ойын, тілегін, талабын, дамыту, осылар арқылы рухани күш беру, білімнің негізгі мақсаты болып табылады.

Оқушының шығармашылық іс-әрекеті және оның мәнін түсіну үшін жеке тұлғаның ғылыми-педагогикалық зерттеулердің объектісі ретінде анықталу сипатын білу қажет болып табылады. Шығармашылық іс-әрекет тұлғаны құраушы және айқындаушы фактор ретінде қарастырылады.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда сабақтарды түрлендіріп өткізудің маңызы ерекше. Сабақтардың тиімділігі: сабақ құрылымының ұйымдастырылуы, білім алушылардың іс-әрекетін бақылауға қолайлылық, оқу-танымдық тапсырмаларды орындаудағы ұжымдық бірлескен әрекеттің жүзеге асуы, оқыту уақытының үнемделуі. Оқу процесі білім алушылардың іздемпаздығын, танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық әлеуетін дамытуында жол ашуы қажет.

Білім алушылардың шығармашылығын, іздемпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық, пәндік апталықтар мен ғылыми-шығармашылық апталық, жобалар, пәндік үйірмелер, қосымша сабақтардың маңызы зор. Қандай жұмыстарда болмасын білім алушылардың қалауы, таңдауы, ұсыныстарын ескеру қажет. Білім алушылардың танымдық іздемпаздығы мен белсенділігін, шығармашылық бағыттылығына негізделген жұмыс түрлерін пайдалануы- олардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Сонымен қатар, мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, көркем өнер және техникалық көрмелер, түрлі шығармашылық кештер білім алушылардың ізденіс қабілетін арттырып, оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Шығармашылыққа үйрету білім алушының интеллектуалдық аспектісі ғана емес, психологиялық, мінез-құлық ерекшеліктерін де қарастырады. Жігерлік, жаңа ситуацияларға бейімделуге икемділік, табандылық, адамгершілік, ынтымақтастық, еңбектенуге қабілеті, өзіне деген сенімділік, шындықты іздеу, адалдық сезімдері жатады. Әр сыныптағы жеке білім алушыларға

байланысты мұғалім өзінің мақсатқа жету жолдарын іздейді. Ол оның үстіне басты шарты аталған қасиеттерді көрсетуге тырысады.

Білім алушылардың жоспарлы жұмыс істеуге және өз жұмысының нәтижесін өзі тексеруге, оларды тапсырманың орындалу тәртібі мен әдістерін анықтай білуге, сабақта бір күнгі, апта және ай ішіндегі өз жұмысын жоспарлай білуге берілген критерийлер негізінде өз жұмысының нәтижесін талдау мен бағалауға, сонымен қатар, осындай критерийлерді өздері жасауға үйретуді қалыптастырады. Шығармашылық сабақтың базалық негізін анықтауда әр жағдайда сабақтың үйлесімді үлгісі таңдап алынады. Шығармашылық сабақтың мақсаты білім алушылардың өзіндік білімділік нәтижесін құру. Оқыту сабақтарының шығармашылық сипаты оқушының танымдық белсенділігін оятып оның шығармашылық қабілеттерінің дамуына адамгершілік қасиеттеріне әсер етеді. Ұжымдық сабақтарда өзінің сыныптасының кемшілігін көруге, өзгелердің ісінен үлгі алуға, танымдық әлеуметтік ұстанымының қалыптасуына әсері мол. Мұндай сабақтарда оқушылардың ұжымдық ой-пікірлері қалыптасады.

Сабақ барысында ұжымдық шығармашылық қалыптасуы үшін білім алушылардың міндеттері:

- пікірлерін дәлелдеу;
- пікірталастар мен талқылауларға қатысу;
- сыныптастарына, оқытушыларға сұрақ қою;
- үлгерімі төмен сыныптастарын оқытумен айналысу;
- үлгермеушілерге түсініксіз жерін түсіндіру;
- өз бетінше қиын тапсырмаларды таңдау;
- танымдық тапсырманың шешімдерін табуда көптеген нұсқасын көрсету;
- өзіндік бағалауға жағдай туғызу өзінің танымдық және тәжірибелік әрекетін талдау.

Шығармашылық сабақтардың оқушылар үшін мынадай маңызды жақтары бар:

- білім алушының танымдық ізденімпаздығы қалыптасады;
- сұрақтарды және проблемаларды терең талдауға үйренеді;
- шығармашылық ой-өрісі артады;
- кітаппен, көркем және ғылыми-әдебиеттермен, акт, баспа материалдармен жұмыс істеу

біліктерін қалыптастырады;

- ұжымдық ой-пікірлері жетіледі, топ мүшелерінің пікірлерімен ортақ тұжырым жасауға үйренеді;
- мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынасы ынтымақтастықта болады, сенімділіктері

артады;

- оқушы өз ойын еркін айтуға, сөз мәдениетіне үйренеді;
- білімін жүйелі түрде толықтырады;
- өз әрекеттеріне сын тұрғысынан қарауға;
- қорытынды жасап, тұжырым айтуға үйренеді;
- оқу міндеттерін тиімді шешу мүмкіндігін тудырады.

Ғылыми-зерттеу еңбектерінде оқушылардың шығармашылығын қалыптастырудың бірнеше кезеңдері көрсетілген:

I кезең – диагностикалық. Бұл кезеңде іс-әрекет зияткерлік қабілеттері дамудың орташа деңгейінен жоғары, шығармашылық қабілеттері стандартты емес шешімдерде көрінетін, мотивация терең білім мен эрудицияға бағытталған дарынды балаларды анықтауға бағытталған. Психологиялық диагностика арнайы тесттер арқылы интеллект, шығармашылық және жеке мотивацияны бағалауға көмектеседі. Бұл маңызды өйткені дарындылық жасырын және басқаларға көрінбеуі мүмкін.

Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру ерекшеліктерін ескере отырып, дарынды және талантты балаларды «тану» үшін әртүрлі педагогикалық инновациялық технологияларды қолдану және енгізу қажет болады. Дәстүрлі «қалай оқыту керек» деген сұраққа «қалай тиімді оқыту керек» деген маңызды қосымшамен жауап беретін оқыту жүйесінің дәл осы бөлігі.

II кезең оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда - дизайн.Мұнда біз дарынды балалардың таңдаған пәні бойынша жоғары танымдық деңгейге тезірек көтерілуі үшін байыту әдісін қолданамыз. Оқушыларды біліммен байыту. Оқушылар қосымша курстар бойынша материал алады, ой-өрісін дамытуға, шығармашылық қабілетінің көрінуіне, қабілетінің артуына мүмкіндік мол болады. Өз бетінше жұмыс істеуге, зерттеушілік дағдылары қалыптасады. Осылайша, дарынды баланың ілгерілеуіне жеткілікті мотивация мен жақсы жағдай жасалады.

III кезең – ұйымдастырушылық-түзетушілік. Шағын топтарда жұмыс істегенде мұғалім баланың одан әрі дамуына кедергі болатын қиындықтар мен кедергілерді көруге мүмкіндік алады. Практикалық іс-әрекет кезеңінде ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау және тұжырымдау дағдыларын қалыптастыру ерекше орын алады. Талдау нәтижелеріне негізделген қорытындылар, материалды мағыналық топтастыруды жүзеге асыру, жобаларды көрсету және қорғау. Бұл кезеңде баланы өз бетінше жұмыс істеуге үйрету өте маңызды.

IV кезең – бағалау. Бұл оқушылардың алған білімдерін тексеру, алынған нәтижелерді есепке ала отырып, қателерді, олқылықтарды жалпылау және жүйелеу кезеңі. Бұл кезеңдегі мұғалімнің

қызметі бақылау, бағалау және түзету болып табылады. Алған білімдері оқушылардың әртүрлі деңгейдегі олимпиадалар мен жарыстарға қатысуы арқылы анықталады.

Бұл шығармашылық қабілеттердің қалыптасу жолы, зерттеушілік дарындылықты дамыту жолы болса керек. Ал біз үшін әр білім алушының одан әрі дамуына көмектесу үшін оның шығармашылық мүмкіндіктерін ашу маңызды.

Ғылыми-зерттей еңбектерін негізге ала отырып, білім алушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттырып, көркем шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытудың төмендегідей жұмыс түрлерін көрсеттік:

- Мәтін, ертегіні, әңгімені өз ойымен аяқтау.
- Ақын, жазушылардың мәтіндерін басқаша оймен аяқтау.
- Мақал негізінде әңгіме жазу.
- Мәтін бойынша мақал құрастыру.
- Нақты заттарға жұмбақ құрастыру.
- Әңгімелерді салыстыру, ат қою, бөліктерге бөлу. т.б.
- Шығарма, мәтін құрастыру. Тақырып, жоспар, тірек сөздер т.б арқылы.
- Өлең құрастыру. Дайын өлең жолдарының бір, екі жолын көрсету немесе дайын

ұйқастарды ұсыну т.б.

- Шығармадағы әңгімеге ұқсас оқиғалар айтқызу.
- Көлемі ұзақ шығармаларды жоспар құру арқылы қысқартып әңгімелеу.
- Кейіпкерлерге мінездеме беру.
- Шығарма желісі бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау т.б
- Рөлге бөліп оқу.
- Логикалық ойлауын дамытуға бағытталған ойындар жүргізу (ребус, сөзжұмбақ, сiлiл, т.б)
- Қайталау сабақтарына өз беттерінше тест құрау.
- Өлең шығару, әңгіме құрату .

Сабақтан тыс уақыттарда білім алушылардың шығармашылығын дамыту үшін әр түрлі коференциялар, кездесулер, саяхаттар, басқа ақпарат көздерінен (журнал, кітап, фаламтор) оқығандарынан алған әсерлерін әңгімелеу.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу білім алушыларды шығармашылыққа баулуға, оқушы бойындағы қабілетін ашып, тіл байлығын дамытуға, қиялын арттыруға, өз бетімен ізденуге әсері көп.

Бастауыш сыныптың қай пәнінде болмасын білім алушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту, сабаққа деген қызығушылығын оятып, өз ойын ашық айтуға, қысылмай жеткізуге, ынтасын қалыптастыруға болады..

Шығармашылық дарындылықтың белгілері әр түрлі болатындықтан, білім алушылардың қандайда болса да кез келген көркем шығармашылық талпынысын құптауымыз керек. Себебі оның түбінде білім алушының құпия, ашылмаған шығармашылықтың бастауы жатыр

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан «Білім туралы» Заңы. 2007 ж. 27 шілде
2. Философиялық сөздік. Редкол: Р. Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энци. баспасы. 2016. – 525 б.
3. Бұзаубақова К.Ж. Педагогика [Мәтін] : Оқулық / К.Ж. Бұзаубақова. - Тараз : ТарМПИ, 2019.- 180б.

**УДК 51-7**

#### **РЕАЛИЗАЦИЯ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ПОДХОДА НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ**

*Сулейменова Айжанат Амангельдиновна, учитель начальных классов КГУ «СОШ №12» отдела образования города Семей УО области Абай; г. Семей, Казахстан, E-mail: [ayzhanats@mail.ru](mailto:ayzhanats@mail.ru)*

*Досалинова Гульжан Ермековна, учитель начальных классов КГУ «СОШ №12», отдела образования города Семей УО области Абай; г. Семей, Казахстан, E-mail: [gulzhan\\_975@mail.ru](mailto:gulzhan_975@mail.ru)*

*Жамбурбаева Малика Омербековна, учитель начальных классов КГУ «СОШ №12» отдела образования города Семей УО области Абай; г. Семей, Казахстан, E-mail: [sunbeam7@inbox.ru](mailto:sunbeam7@inbox.ru)*

#### **Аңдатпа**

Бұл мақалада бастауыш сынып мұғалімдері математика сабақтарында сараланған оқыту мәселелерін қарастырады, бастауыш сынып оқушыларына сараланған оқытуды ұйымдастырудың нақты әдістері мен әдістерін ұсынады.

**Түйінді сөздер:** бастауыш мектеп, сараланған оқыту.